

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

24.11. 2023 жыл

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

1. Батырбекова А.Ж. - Физика кафедрасы, аға оқытушы

АҚ мүшелері:

2. Сарбаева Г.Т. - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент
3. Жылысбаева Г.Н. - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент
4. Берді Д.К. - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы
5. Сарбаева М.Т. - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы
6. Беласарова Ш.М. - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы
7. Раманкулов Ш.Ж. - Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а.
8. Шектибаев Н.А. - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
9. Усембаева И.Б. - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
10. Омарова И.М. - Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
11. Муратбекова М. - Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а.
12. Тойжигитова Б.Б. - Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а.
13. Сейтметова А.М. - Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а.
14. Умиров Б.З. - Биология кафедрасы, магистр оқытушы
15. Алтынбек Д.Н. - Математика кафедрасы, оқытушы
16. Кошанова Г.Д. - Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы
17. Аймешов Ж.А. - Математика кафедрасы, оқытушы
18. Ниязова Г.Ж. - Математика кафедрасы, п.ғ.к., доцент
19. Байтенов А.К. Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
20. Ускенова Р.А. Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы
21. Орманова Г.К. - ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.менгеруші, п.ғ.к.
22. Қанаева Ж. 7M01506 - Физика ББ магистранты
23. Алимова Шахноза Марибқызы 7M01507-Биология ББ магистранты 2 курс
24. Балтабай Ақжүніс 6B01513-Биология ББ студенті 4 курс
25. Хабибуллаев Алимжан Гайратұлы 6B01509-Математика ББ студенті 2-курс
26. Зұлғар Лаура Музафарқызы 7M01547-Математика ББ студенті 1-курс
27. Толентаева Ғалия 8D01502-Математика ББ докторанты 3-курс
28. Жәдігер Сымбат 6B01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ студенті 3-курс
29. Абдулатипов Абдувосит Жумадуллаұлы 7M01557-Информатика ББ магистранты 1 курс
30. Егенбердиев Дилмурад Юлдашбайұлы 8D01516-Информатика ББ докторанты 2 курс
31. Оралбай Нұрай 6B01512-Химия ББ студенті

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру;
2. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жанарту;
3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау;
4. Жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында дөңгелек үстел өткізу;
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

АК төрағасы Батырбекова А.Ж.: Сәлеметсіздер ме, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде, ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жанарту, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау, Жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында дөңгелек үстел өткізу, қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Ойларыңызбен бөліссеніздер, талқылауды бастайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, PhD И.Б.Усембаева алды: бірінші мәселе бойынша Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын қайта жобалау тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында ББ мазмұнын жобалаудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзіреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК мүшесі, академиялық персонал, Сарбаева Г.Т.: екінші мәселе бойынша, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жанарту. Докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламаларын қайта қарастырылып, сұрақтары жаңаланды, бағалау критерийлері білім беру бағдарламаларының оқыту нәтижелеріне қарай сәйкестендірілді.

АК мүшесі, академиялық персонал Ниязова Г.Ж.: үшінші мәселеге оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау мәселесі қарастырылды. Білім берудегі күтілетін нәтижеге жету жолында қандай бағалау түрлері мен оқыту әдістерін басшылыққа алатындығымызды анықтап, қолдау көрсету үшін конструктивті үйлесімділікті басшылыққа алуымыз керек. Себебі оқыту нәтижелеріне жету жолында бағалаудың қандай әдіс-тәсілдерін қолдануды білу өте маңызды. Ол үшін бағалау критерийлері мен бағалау рубрикаларын енгізуіміз керек. Сонда ғана конструктивтік тұрғыдан білім беруге қол жеткіземіз. Ал конструктивті оқыту дегеніміз білім алу кезінде рефлексияға және белсенді рөл атқаруға ынталандырылмаған студенттердің білім алу процесін тереңірек және рефлексиялық өңдеу арқылы түрлендіруге қолдау көрсететін оқыту түрі болып табылады.

АК мүшесі Муратбекова М.: төртінші мәселе жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында дөңгелек үстел өткізу. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытының жұмыс берушілері Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Байтенов А.К., Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы Ускенова Р.А., ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.менгеруші, PhD Б.С.Уалиханова және Академиялық комитет мүшелерінің қатысуымен ZOOM бағдарламасында онлайн дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында болашақ мамандардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға және белсенді оқыту әдістерін меңгертуге қажеттілік бар екендігі айқындалды.

АК төрағасы Батырбекова А.Ж.: қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша, келесі оқу жылына білім беру бағдарламаларымыздың оқыту нәтижелерін толықтырып, бағалалау әдістерін оқыту үдерісінде пайдалануды қарастырайық. Бүгінгі мәжілісімізде талқыланған жұмыстар өте көп болды. Пікірлерді ортаға салған АК мүшелеріне алғыс айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық.

Шешім:

1. ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімі жаңартылып, қабылданын.
3. Талданған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдары оқыту үдерісіне енгізілсін.
4. Жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында өткізілген дөңгелек үстелдегі ұсыныстар қабылданын.
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Ж.Батырбекова

Хатшысы:



Д.К.Берді